

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы»
Республикалық мемлекеттік мекемесі**

Алматы қ.

19.03.2026 ж.
сағ. 15:00

**06 ХАТТАМА
Оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісі**

Қатысқандар: (тізім бойынша)

Күн тәртібі:

1. 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын қарастыру және бекітуге дайындау – *Әбдірахман Гүлнар Бақытқызы – академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы, Кульшанова Арман Айыпбековна – ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы;*
 2. 2026-2027 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбені талқылау – *Ертаева Несибели Абдуманаповна – оқу жұмысы жөніндегі академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысының орынбасары, Кульшанова Арман Айыпбековна – ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы;*
 3. «Ашық есік күнін» және «Бос жұмыс орындар жәрменкесі» өткізу жоспарын бекіту – *Токеева Айгерим Даулетовна – мансаптық даму және кәсіби бағдарлау бөлімінің басшысы;*
 4. Қабылдау науқанына арналған кәсіптік бағдарлау іс-шараларының жоспарын қарастыру – *Токеева Айгерим Даулетовна – мансаптық даму және кәсіби бағдарлау бөлімінің басшысы;*
 5. Жазғы емтихан сессиясына дайындық: емтихан түрлерін бекіту туралы – *Әбдірахман Гүлнар Бақытқызы – академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы, Кульшанова Арман Айыпбековна – ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы;*
- Әр түрлі мәселелер:
- 6.1. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ стипендиясын тағайындау туралы ережеге өзгеріс енгізу туралы – *Шомшекova Асима Абеновна – офис-тіркеуші бөлімінің басшысы;*
 - 6.2. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ жұмыс түрлері бойынша профессор-оқытушылар құрамы Педагогикалық жүктемені есептеу үшін уақыт нормасы туралы ережеге өзгеріс енгізу туралы – *Әбдірахман Гүлнар Бақытқызы – академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы;*
 - 6.3. Бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың кәсіптік практикасы туралы ереженің күшін жою және бакалавриат бойынша кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларына өзгерістер енгізу туралы ұсынысты қарау

және Ғылыми кеңеске ұсыну – *Токеева Айгерим Даулетовна – мансаптық даму және кәсіби бағдарлау бөлімінің басшысы;*

6.4. Кітапхана қорын есепке алу туралы нұсқаулық – *Тутубаева Эльмира Аблекимовна – кітапхана басшысы;*

6.5. Кітапхана қорының қалыптастырылуы, жоспарлануы, толықтырылуы, сатып алынуы, есепке алынуы, есептен шығарылуы және пайдаланылу тәртібі туралы нұсқаулық – *Тутубаева Эльмира Аблекимовна – кітапхана басшысы.*

Сөз сөйлеген Ергөбек Ш.Қ.: Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Оқу-әдістемелік кеңес мәжілісіне қош келдіңіздер. Бүгінгі отырыста күн тәртібіне сәйкес 5 негізгі мәселе және «Әртүрлі мәселелер» бөлімі бойынша тағы 5 қосымша мәселе қарастырылатын болады.

1 сұрақ

ТЫҢДАЛДЫ:

Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы Әбдірахман Г.Б. және Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы Құлышанова А.А. 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын қарастыру және бекітуге дайындау туралы

Әбдірахман Г.Б.: Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын қарастыру және бекітуге дайындау бойынша баяндама жасауға рұқсат етіңіздер. Данный вопрос прорабатывался на протяжении длительного времени, поэтому в настоящее время требуется его краткое напоминание и формальное закрепление. Рабочие учебные планы и образовательные программы уже были приведены в соответствие с государственным стандартом, а также с результатами мониторинга, проведенного Министерством. В соответствии с пунктом 9 государственного стандарта, организации высшего и послевузовского образования разрабатывают междисциплинарные учебные программы, направленные на формирование у обучающихся компетенций в области экономики, права, предпринимательства и финансовой грамотности. Кроме того, в соответствии с пунктом 20 стандарта, в образовательные программы включены вопросы формирования ценностей инклюзии, устойчивого развития, антикоррупционной культуры, а также навыков научных исследований. Указанные направления были детально проработаны заведующими кафедрами и руководителями образовательных программ. Дополнительные изменения коснулись дисциплины «Иностранный язык». В соответствии с типовой учебной программой ООД, утвержденной приказом Министерства науки и высшего образования, цикл обучения по данной дисциплине завершается после освоения 5 кредитов, что исключает возможность её дальнейшего деления. Также были внесены изменения в содержание отдельных дисциплин. В частности, в дисциплину, ранее именовавшуюся «Актуальные проблемы Казахстана», включены темы, связанные с инклюзивным образованием, уточнены результаты обучения и

скорректировано содержание. В настоящее время ведётся подготовка к внесению всех указанных изменений в реестр образовательных программ. После открытия реестра изменения будут официально зарегистрированы. В случае необходимости проведения дополнительной экспертизы и доработки, соответствующая работа будет оперативно выполнена совместными усилиями.

Кульшанова А.А.: Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын қарастыру және бекітуге дайындау мәселесі бойынша қысқаша баяндап өтсем. «Анимация өнері» білім беру бағдарламасы бұған дейін қарастырылған болатын. Аталған бағдарлама бойынша екі жылдық оқу мерзімімен білім беру процесін іске асыру жоспарланып отыр. Кафедра өкілдері келесі оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру бағдарламасын енгізуге дайын екендерін растады. Сонымен қатар, «Эстрада өнері» бағыты бойынша бір жылдық профильдік білім беру бағдарламасын енгізу көзделуде. Назарларыңызға рахмет! Сұрақтарыңыз болса, жауап беруге дайынмын.

Ергөбек Ш.Қ.: Сұрақ жоқ. Дауысқа салайық. Бір ауыздан мақұлданды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларын қарастыру және бекітуге дайындау туралы есебі қабылдансын және Ғылыми кеңестің қарауына ұсынылсын.

2 сұрақ

ТЫҢДАЛДЫ:

Оқу жұмысы жөніндегі академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысының орынбасары Ертаева Н.А. мен Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы Кульшанова А.А. 2026-2027 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбені талқылау туралы

Ертаева Н.А.: Қайырлы күн, құрметті төраға және әріптестер! 2026-2027 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбені таныстыруға рұқсат етіңіздер. Жылдағыдай, академиялық күнтізбеде елеулі өзгерістер жоқ: әр семестрдің ұзақтығы – 15 апта. Бағдар беру аптасы 2026 жылғы 26-31 тамыз аралығында өткізіледі, ал оқу жылы 1 қыркүйектен басталады. Бірінші семестрде бірінші аралық бақылау 12-17 қазан аралығында, ал екінші аралық бақылау 7-12 желтоқсан аралығында өткізу жоспарланған. Қысқы емтихан сессиясы 14-31 желтоқсан аралығында өтеді. Кредиттік технология талаптарына сәйкес, FX бағасын алған білім алушыларға бір рет қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі. Аталған қайта тапсыру кезеңі академиялық күнтізбеге енгізіліп, 2027 жылғы 5–9 қаңтар аралығына белгіленген. Екінші семестрде бірінші аралық бақылау 1-6 наурыз аралығында, ал екінші аралық бақылау 2027 жылғы 26 сәуір мен 1 мамыр аралығында өткізіледі. Биылғы оқу жылындағы ерекшеліктердің бірі – элективті пәндерге тіркелу мерзімінің Академиялық саясатқа сәйкестендіріліп, академиялық күнтізбеге енгізілуі. Аталған тіркелу кезеңі 9-31 наурыз аралығында жүргізіледі. Жазғы емтихан сессиясы, оның ішінде

мамлекеттік емтихандарды тапсыру, 2027 жылғы 3-22 мамыр аралығына жоспарланған. Жазғы семестрдің ұзақтығы – 6 апта. Бітіруші курс студенттеріне арналған академиялық күнтізбе бойынша дипломалды тәжірибе 2027 жылғы 18-30 қаңтар аралығында өтеді. Бірінші аралық бақылау 15-20 наурыз, ал екінші аралық бақылау 10-15 мамыр аралығына белгіленген. Қорытынды аттестаттау 2027 жылғы 31 мамыр мен 19 маусым аралығында ұйымдастырылады. Сонымен қатар, ақпан айында кәсіби тәжірибе оқу жоспарына сәйкес бекітіліп, академиялық күнтізбеге қосымша ретінде енгізілгенін еске саламын. Назарларыңызға рақмет! Егер сұрақтарыңыз болса, жауап беруге дайынмын.

Кульшанова А.А.: Құрметті әріптестер! Академиялық күнтізбеге енгізілетін өзгерістерге байланысты, оның ішінде педагогикалық тәжірибені ұйымдастыру мәселесіне назар аударуларыңызды сұраймын. Педагогикалық тәжірибе жыл сайын 02 ақпаннан басталып, 6 апта көлемінде өткізіледі. Алайда тәжірибе мерзімінің рейтингтік аптамен сәйкес келуі білім алушылардың оқу үдерісіне толыққанды қатысуына бірқатар қиындықтар туғызуда. Атап айтқанда, олар үшін сабақ өткізу, сынақ сабақтарын ұйымдастыру және қорытынды сабақтарды сапалы түрде өткізу мүмкіндіктері шектеліп отыр. Осыған байланысты, білім алушылардың педагогикалық тәжірибеден барынша тиімді өтуін қамтамасыз ету мақсатында, келесі оқу жылынан бастап педагогикалық тәжірибені қысқы демалыстан кейін бірден бастау жөнінде ұсыныс енгізіп отырмыз. Аталған өзгерісті қолдауларыңызды сұраймыз.

Ергөбек Ш.Қ.: Әріптестер, қолдайсыздар ма? Бір ауыздан мақұлданды. Қарсы – жоқ. Қалыс қалғандар – жоқ.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

2. 2026-2027 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбені талқылау туралы есебі қабылдансын және Ғылыми кеңестің қарауына ұсынылсын.

3 сұрақ

ТЫҢДАЛДЫ:

Мансаптық даму және кәсіби бағдарлау бөлімінің басшысы Токеева А.Д. «Ашық есік күнін» және «Бос жұмыс орындар жәрменкесі» өткізу жоспарын бекіту туралы

Токеева А.Д.: Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! Сәуір айының жоспарына сәйкес Академия бойынша екі қорытынды іс-шара ұйымдастырылуда, атап айтқанда «Ашық есік күні» және «Бос жұмыс орындар жәрменкесі». «Ашық есік күні» жыл сайын дәстүрлі түрде сәуір айының соңғы аптасы жұма күні өткізілетін, биылғы жылы да іс-шараны сол дәстүр бойынша 24 сәуір күні сағат 10:00-де өткізу жоспарлануда. Іс-шара аясында Қазақстан Республикасының облыстары мен қалаларына хаттар жіберу, Академияның ресми Instagram парақшасы мен сайтында ақпарат жариялау, Ашық есік күнінің бағдарламасын және факультет баннерін әзірлеу, білім беру бағдарламаларының презентацияларын дайындау, талапкерлерге

арналған брошюра әзірлеу, көрме ұйымдастыру және концерттік бағдарламаны дайындау сияқты жұмыстар жүргізіледі. Аталған жұмыстардың әрқайсысы бекітілген жауапты тұлғаларға жүктелген.

Одан кейінгі маңызды іс-шара – «Бос жұмыс орындар жәрмеңкесін» өткізу 30 сәуірге жоспарланып отыр. Іс-шара аясында жұмыс берушілердің тізімін әзірлеу, Қазақстан Республикасының облыстары мен қалаларына хаттар жолдау, Академияның Instagram парақшасы мен ресми сайтында ақпарат жариялау, баннер дайындау, түлектердің түйіндемелерін әзірлеу, сондай-ақ жәрмеңкеге түлектердің толық қатысуын қамтамасыз ету сияқты жұмыстар уақытылы орындалуы тиіс. Аталған жұмыстар жауапты тұлғаларға жүктеледі. Осы екі іс-шара бойынша басқа да ұсыныстарыңыз болса, айтыңыздар, қарастыруға дайынбыз.

Ергөбек Ш.Қ.: Әріптестер, қолдайсыздар ма? Бір ауыздан мақұлданды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

3. «Ашық есік күнін» және «Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі» өткізу жоспарын бекіту туралы есебі қабылдансын.

4 сұрақ

ТЫҢДАЛДЫ:

Мансаптық даму және кәсіби бағдарлау бөлімінің басшысы Токеева А.Д. Қабылдау науқанына арналған кәсіптік бағдарлау іс-шараларының жоспарын қарастыру туралы

Токеева А.Д.: Қабылдау науқанына арналған кәсіптік бағдарлау іс-шаралары жыл бойы жүргізілуде. Бүгінгі күнге дейін 8 онлайн және 8 офлайн кездесу өткізілді. Академия тарапынан жоспарланған ЖОО көрмелеріне қатысу жүзеге асырылды. Барлығы 2 ЖОО көрмесіне қатыстық: 21.01.2026 ж. Абай ұлттық мектебінде ұйымдастырылған UniExpo-2026: «Бүгінгі таңдау – ертеңгі жетістік» кәсіби бағдар беру көрмесі және 26-27.03.2026 ж. Шымкент қаласында ZIYATKER TURAN мектебінің ұйымдастыруымен өткен көрме. Алдағы жоспарда Қаскелең қаласында өтетін KURSANT FEST: үздік ЖОО көрмесіне қатысу қарастырылған (17 сәуір 2026 ж.).

Биылғы жылға 3 конкурс жоспарланған, оның 2-еуі өткізілді: Дәстүрлі музыкалық өнер және Хореография бағыттары бойынша. Барлық материалдар Академияның ресми сайтында және Instagram парақшасында жарияланды. Сценография бағыты бойынша 1 конкурс осы сәуір айында өткізіледі.

Академия ауласында талапкерлерге арналған стендті қалпына келтіру жұмыстары мамыр айына жоспарланған. Сондай-ақ, 24 сәуірде Ашық есік күні өткізіледі. Одан бөлек, Қазақстан Республикасының облыстарына кәсіби бағдар беру мақсатында іссапарлар ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Сәуір айында Шымкент қаласына «Өнертану» факультетінен Көпбай Г.К., Мұрат Х., «Кино және ТВ» факультетінен Абельдинов А.Қ. іссапармен барып келді. Алдағы уақытта Тараз, Қызылорда, Ақтөбе, Ақтау, Семей, Көкшетау қалаларына кәсіби бағдар беру мақсатында іссапарға жіберу жоспарлануда. Назарларыңызға рақмет! Сұрақтарыңыз болса, жауап беруге дайынмын.

Ергөбек Ш.Қ.: Әріптестер, дауысқа салайық. Бір ауыздан қабылданды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

4. Қабылдау науқанына арналған кәсіптік бағдарлау іс-шараларының жоспарын қарастыру туралы есебі қабылдансын.

5 сұрақ

ТЫҢДАЛДЫ:

Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы Әбдірахман Г.Б. және Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы Кульшанова А.А. Жазғы емтихан сессиясына дайындық: емтихан түрлерін бекіту туралы

Әбдірахман Г.Б.: Это основные формы наших экзаменов – вы их все знаете. Здесь представлена статистика: всего у нас 734 экзамена по факультетам, включая тестовые, письменные, устные и творческие. Меня больше интересуют два последних типа, так как общая статистика понятна. Это данные по магистратуре и докторантуре, о которых говорила Арман Айыпбековна. Также есть статистика с другой стороны – по уровням образования и в целом по академии. Теперь самое важное. Есть преподаватели, которые, несмотря на закреплённые формы экзаменов, их меняют. Все изменения согласованы с заведующими кафедрами. Коллеги, система такова: мы – структура и не отвечаем за качество подготовки специалистов в той мере, в какой отвечаете вы. Именно вы определяете форму экзамена по дисциплинам, как специалисты в своей области. Поэтому утверждённые формы должны соблюдаться. Однако мы видим, что в этом семестре формы экзаменов изменяли Сабыр, Агилова, Шляпников, Пашанов, Исаев, Абишев, Калымбетов и т.д. В прошлом семестре таких случаев было ещё больше. Поэтому и возникают нарушения. Я указала это в норме времени, но прошу вас внимательно отработать этот момент. Представьте: уже стоят подписи ректора, а мы потом оформляем протоколы на изменения – это выглядит некорректно с точки зрения проверяющих. Просьба утвердить следующий порядок: в группах форму экзамена не указываем, но обязательно оформляем приказ. После его утверждения изменения вносить не будем. Пожалуйста, отнеситесь к этому внимательно. Также возникает риск, что всё сведётся к устным экзаменам. Понимаю, что тесты вводились для большей объективности оценивания. Хотя это спорный вопрос, особенно для творческих студентов, которым тесты даются сложнее. Но важно сохранить баланс, чтобы не получилось, что только отдельные дисциплины сдают в тестовой форме. Сейчас есть современные форматы тестирования – не только в Платонусе или Moodle. В них можно использовать иллюстрации, музыку и другие элементы. При необходимости мы можем провести обучающий семинар. Такие тесты проводит сам преподаватель с ассистентом. Это не автоматизированные тесты, но они остаются объективными. При этом система сама выставляет баллы, что снижает количество споров. Я сама использую такой формат – он хорошо показывает реальный уровень подготовки. Иногда студент может угадать, но в целом результат отражает его знания. При этом

такие тесты дают большую свободу и позволяют включать творческие задания. Давайте ознакомимся с этими возможностями.

Ергөбек Ш.Қ.: Әріптестер, дауысқа салайық. Бір ауыздан қабылданды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

5. Жазғы емтихан сессиясына дайындық: емтихан түрлерін бекіту туралы есебі қабылдансын және Ғылыми кеңестің қарауына ұсынылсын.

Әр түрлі мәселелер

6.1. сұрақ

ТЫҢДАЛДЫ:

Офис-тіркеуші бөлімінің басшысы Шомшекова А.А. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ стипендиясын тағайындау туралы ережеге өзгеріс енгізу туралы

Шомшекова А.А.: Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ стипендиясын тағайындау туралы ережеге бірқатар өзгерістер енгізілді. Бұрын бұл ережеге сәйкес факультет декандары сессия қорытындысы бойынша стипендияны тағайындаса, ендігі кезекте бұл жұмыс офис-тіркеуші бөлімінің жауапкершілігіне өтеді. Ереже бойынша негізгі өзгерістер:

1. Қолдану саласы: Өзгеріс жоқ.
2. Нормативтік сілтемелер: 7-ші пункттағы ҚР-ның БҒМ-нің 2012 жылғы 21 маусымдағы № 292 бұйрығы – жеке стипендияларды бөлу туралы бұйрық күшін жойды.
3. Терминдер мен анықтамалар: Жеке стипендия бұйрығы туралы анықтама алынып тасталды.
4. Жалпы ережелер: Қайталанған сөздер біріктірілді.
5. Мемлекеттік стипендияны тағайындау тәртібі: «ҒХ» («қанағаттанарлықсыз») баға алған білім алушылар мемлекеттік стипендия алу құқығынан айырылады. «ҒХ» бағасын қайта тапсыру бір реттен артық болмайды және тек академиялық берешекті жою мақсатында жүргізіледі.
6. Стипендияны ресімдеу: Стипендияларды тағайындау офис-тіркеуші бөлім басшысының қызметтік жазбасы негізінде академия ректорының (немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның) бұйрығымен жүзеге асырылады. Құжат әрбір сессия қорытындысы бойынша дайындалған емтихан ведомостарына сәйкес рәсімделеді.
7. Мемлекеттік стипендияны төлеу тәртібі: Төлемдерді тағайындау немесе тоқтату деканның қызметтік жазбасы негізінде, дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысына сәйкес ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады. Стипендия төлеу келесі жағдайларда тоқтатылады: білім алушы оқу орнынан шығарылған жағдайда; білім алушы қайтыс болған жағдайда; білім алушы оқуын аяқтағаннан кейін (бітіру туралы бұйрық шыққан күннен бастап).
8. Қосымша: ҚР Президенті белгілеген стипендиялар күндізгі бөлімнің 3-курс білім алушылары мен екінші оқу жылынан бастап магистранттарға беріледі.

Ақылы негізде оқитын студенттерге де өте жақсы бағалармен (А, А-) оқу нәтижесі бойынша стипендия тағайындалады.

Осы жаңа ереже бұрынғы факультет декандарының міндеттерін офистіркеуші бөліміне беру арқылы жаңартылды. Сұрақтарыңыз бар ма?

Ергөбек Ш.Қ.: Сұрақ жоқ. Әріптестер, дауысқа салайық. Бір ауыздан қабылданды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

6.1. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ стипендиясын тағайындау туралы ережеге өзгеріс енгізу туралы есебі қабылдансын және Ғылыми кеңестің қарауына ұсынылсын.

6.2. сұрақ

ТЫҢДАЛДЫ:

Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы Әбдірахман Г.Б. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ жұмыс түрлері бойынша профессор-оқытушылар құрамы Педагогикалық жүктемені есептеу үшін уақыт нормасы туралы ережеге өзгеріс енгізу туралы

Әбдірахман Г.Б.: Я хочу обратить внимание, что сейчас пересматривается много нормативных документов. Это не потому, что мы любим работать с текстами, а потому что меняется законодательство, и мы должны за ним успевать. Это касается стипендий, поощрений и других вопросов. Вы знаете, что это наш основной документ, по которому заведующий кафедрой планирует нагрузку. Мы расширили название: теперь речь идет не только о нормах времени ППС, но и УВП. Учебно-вспомогательный персонал – это концертмейстеры и иллюстраторы. Натурщиком мы не трогали, по ним есть отдельное положение, и пока оно не пересматривается. Была проведена большая работа с деканами по концертмейстерам. Мы можем это дополнительно рассмотреть. Основная цель – структурировать и актуализировать внутренние документы. Расширен понятийный аппарат, введены новые сокращения. Мы заранее отправили вам этот документ, рассчитывая, что вы ознакомитесь, потому что в нем есть спорные моменты и многое изменилось. Основное изменение – переход от учета нагрузки в кредитах к учету в часах. Это общепринятая практика, так как оплата труда, отчетность и расчеты ведутся в часах. Планирование в кредитах и отчет в часах – нецелесообразны. Также расширен круг субъектов. Ранее были нормативы, о которых многие не знали. Возникали противоречия между основным документом и ежегодными нормативами. Это усложняло работу. Поэтому предлагается утвердить единый документ с приложениями и не делать ежегодных рассылок. Изменения будут вноситься только при необходимости. Практически во все пункты внесены изменения, в основном стилистические. Отдельные положения выделены для обсуждения. Добавлен пункт об обязательном участии преподавателей с учеными степенями в бакалавриате для повышения качества обучения. По магистратуре уточнено соотношение 4 к 1 вместо 6 к 1, в соответствии с действующими нормативами. Это позволит

увеличить часы на научно-исследовательскую работу. Экзамены по общеобразовательным и теоретическим дисциплинам, как правило, проводятся в тестовой форме. Иные формы допускаются по решению кафедры с учетом специфики дисциплины. Это связано с тем, что тестирование более объективно, но не всегда подходит для творческих дисциплин. При тестовой форме экзаменов нагрузка учитывается в составе контактной работы без дополнительных часов. Для устных и творческих экзаменов предусмотрено 0,25 академического часа на одного обучающегося. Некоторые нормы (например, по количеству обучающихся у научного руководителя) предлагается исключить, так как они не относятся к нормам времени. По практике проведена отдельная работа, уточнены периоды и нормы. Добавлены положения по магистратуре и докторантуре. Защита дипломной работы – до 50 минут на одного обучающегося. Продолжительность работы комиссии – не более 8 часов в день. Существенно переработан раздел по концертмейстерам. Их нагрузка не приравнивается к педагогической. Учитываются репетиции, сопровождение экзаменов и концертов. Введены коэффициенты распределения нагрузки в течение семестра. Например, в начале семестра нагрузка ниже (0,5-0,7), а перед экзаменами возрастает (до 1,5). Также установлена норма индивидуальной подготовки – 50% от аудиторной нагрузки. По иллюстраторам пока даны общие положения, так как их немного. Введена плавающая нагрузка: для преподавателя – 650-680 часов, для старшего преподавателя – 620-650 и так далее. Для деканов и их заместителей нагрузка теперь зависит от контингента студентов: до 300 человек – 0,25 ставки, более 300 – 0,5 ставки. Нагрузка по физической культуре в этом году не изменяется, несмотря на изменения в законодательстве. В целом документ переработан, дополнен и приведен в соответствие с действующими требованиями. Просим внимательно ознакомиться и направить замечания.

Ергөбек Ш.Қ.: Баяндама бір ауыздан қабылданды. Уақыт нормасы туралы ереже қайта қаралуға ұсынылды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

6.2. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ жұмыс түрлері бойынша профессор-оқытушылар құрамы Педагогикалық жүктемені есептеу үшін уақыт нормасы туралы ережеге өзгеріс енгізу мәселесі қосымша пысықтауға жіберілсін және қайта қарау үшін факультет декандары мен кафедра меңгерушілерінің қатысуымен жиналыс өткізілсін.

6.3. сұрақ

ТЫҢДАЛДЫ:

Мансаптық даму және кәсіби бағдарлау бөлімінің басшысы Токеева А.Д. Бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың кәсіптік практикасы туралы ереженің күшін жою және бакалавриат бойынша кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды

айқындау қағидаларына өзгерістер енгізу туралы ұсынысты қарау және Ғылыми кеңеске ұсыну туралы

Токеева А.Д.: Практика бойынша бізде 2 құжат болған. Біреуі Ереже болса, екіншісі Қағида еді. Біз ереженің күшін жойып енді тек 1 құжат қағиданы қалдыры, ішіне өзгерістер енгізіп, қайтадан бекітуге ұсынып жатырмыз. Неге десеніздер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 2-тарау, 37-тармағына сәйкес: ЖЖОКБҰ кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын әзірлейді, бекітеді және сақталуын қамтамасыз етеді, деп көрсетілген. Сол себепті бұл жерде Ереже деп емес қағида деп тұрған соң Қағиданы қалдыруды сұрап отырмыз. Қандай өзгерістер енгізіледі сол туралы жалпылама айтып өтейін: Қызмет және бөлім атауларының өзгеруіне байланысты редакциялық түзету; Ішкі нормативті құжат «Академиялық саясатқа» сілтеме жасалды; Ескірген терминологиялық сөздер ауыстырылды; 6.3 тармағы енгізілді («Музыкалық өнер» және «Хореография» факультеттері бойынша практиканың ерекшелігін көрсету үшін); Бөлімнің мазмұнын сақтау мақсатында 7-бөлімнің мазмұны 6-бөліммен біріктірілді; Қосымшалар (оқытушы есебінің үлгісі, білім алушының күнделік, есебінің үлгісі, практиканы өткізу туралы шарттың үлгісі). Салыстырмалы кесте жасалды, орыс тілінде. Гүлнар Бақытқызы толық қарап шықты, ұсыныстарын айтты, толықтырулар енгіздік. Келісімшарт, жетекшілердің есебінің үлгісі, білім алушылардың үлгісі, күнделік барлығының үлгісін жаңалап қойдық. Сайтқа салынады бұл құжаттар, сол жақтан қарап, үлгі бойынша жұмыс жасай бересіздер.

Ергөбек Ш.Қ.: Сұрақ жоқ. Бір ауыздан мақұлданды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

6.3. Бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың кәсіптік практикасы туралы ереженің күшін жою және бакалавриат бойынша кәсіптік практиканы ұйымдастыру, өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларына өзгерістер енгізу туралы ұсыныс қабылдансын және Ғылыми кеңестің қарауына ұсынылсын.

6.4. сұрақ

6.5. сұрақ

ТЫҢДАЛДЫ:

Кітапхана басшысы Тутибаева Э.А. Кітапхана қорын есепке алу туралы нұсқаулық және Кітапхана қорының қалыптастырылуы, жоспарлануы, толықтырылуы, сатып алынуы, есепке алынуы, есептен шығарылуы және пайдаланылу тәртібі туралы нұсқаулық

Тутибаева Э.А.: Қайырлы күн, әріптестер! Кітапхана қоры – білім беру мен ғылыми үдерістің негізі болып табылатын маңызды ақпараттық ресурс.

Сондықтан оны жүйелі ұйымдастыру, дәл есепке алу және тиімді пайдалану – кітапхана қызметінің басты бағыттарының бірі. Ең алдымен, есепке алу – қорды басқарудың өзегі екенін атап өткен жөн. Қордағы әрбір құжат міндетті түрде тіркеліп, оның қозғалысы толық бақылауда болуы тиіс. Бұл тек қана тәртіп үшін емес, қордың сақталуын қамтамасыз ету, есептің нақтылығын арттыру және пайдаланушыларға сапалы қызмет көрсету үшін қажет. Құжаттардың түсуі, берілуі, қайтарылуы және басқа да қозғалыстары уақытылы белгіленіп отырғанда ғана кітапхана жұмысының тиімділігі артады. Қорды есепке алу бірыңғай тәртіппен екі деңгейде жүзеге асырылады. Біріншіден, әрбір құжат жеке инвентарлық есепке алынады. Екіншіден, қордың жалпы көлемі жиынтық есеп арқылы бекітіледі. Әрбір құжатқа инвентарлық нөмір беріліп, мөр және штрих-код қойылады. Бұл құжаттарды сәйкестендіруді жеңілдетіп, іздеу процесін жеделдетеді. Қазіргі таңда электрондық тіркеудің маңызы ерекше. Электрондық каталогтар мен деректер базасы арқылы қор туралы толық ақпарат сақталып, есеп жүргізу дәл әрі жедел орындалады. Дәстүрлі және электрондық есептің қатар жүргізілуі – сенімділікті арттыратын тиімді тәсіл. Кітапхана қорын толықтыру мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Қордың құрылымы білім беру бағдарламаларына, пәндік қажеттіліктерге және оқырман сұранысына сәйкес қалыптастырылуы тиіс. Бұл тәсіл қордың мазмұндық теңгерімін сақтауға және нақты қажеттіліктерді толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Оқу жоспарларымен сәйкестік пен оқырман сұранысын ескеру – қордың өзектілігін айқындайтын негізгі факторлар. Қорды толықтыру бірнеше бағытта жүзеге асырылады. Атап айтқанда, қажетті басылымдарды сатып алу, сыйға тартылған әдебиеттерді қабылдау, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамының авторлық еңбектерін қорға енгізу арқылы жүзеге асады. Бұл жұмыстар кітапхана қорын байытып қана қоймай, оның ғылыми және оқу-әдістемелік маңызын арттырады. Қорды пайдалану бағыты да маңызды. Ол ең алдымен оқу процесін қамтамасыз етуге, ғылыми зерттеулерді қолдауға және электрондық ресурстарға қолжетімділікті кеңейтуге бағытталуы тиіс. Әсіресе, аз қамтылған пәндерге басымдық беру – қорды тиімді пайдаланудың бір көрінісі. Уақыт өте келе кейбір әдебиеттер тозады, ескіреді немесе жоғалуы мүмкін. Мұндай жағдайда оларды есептен шығару белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Яғни, арнайы акт жасалып, комиссия шешімі негізінде бухгалтерлік есептен шығарылады. Бұл қордың сапасын сақтауға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың рөлі айтарлықтай артты. Электрондық каталогтар мен заманауи жүйелер кітапхана жұмысын жеңілдетіп, ақпаратты іздеу мен ұсыну үдерісін жеделдетеді. Қор туралы ақпараттың тәулік бойы қолжетімді болуы пайдаланушылар үшін үлкен артықшылық болып табылады. Сонымен қатар, кітаппен қамтамасыз ету көрсеткіштерін тұрақты мониторингтеу басқарушылық шешімдерді дұрыс қабылдауға негіз болады. Қорытындылай келе, кітапхана қорын тиімді басқару – ақпараттық ресурстарды сақтау, оларды ұтымды пайдалану және оқырманға қолжетімді ету бағытындағы маңызды міндет. Бұл ретте жоспарлау, толықтыру, есепке алу және пайдалану үдерістерінің барлығы

өзара тығыз байланыста жүзеге асырылуы тиіс. Заманауи талаптарға сай жұмыс жүргізу – кітапхана қызметінің сапасын арттырудың басты кепілі. Назарларыңызға рахмет!

Ергөбек Ш.Қ.: Сұрақ жоқ. Бір ауыздан мақұлданды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

6.4. Кітапхана қорын есепке алу туралы нұсқаулық жөніндегі есебі қабылдансын.

6.5. Кітапхана қорының қалыптастырылуы, жоспарлануы, толықтырылуы, сатып алынуы, есепке алынуы, есептен шығарылуы және пайдаланылу тәртібі туралы нұсқаулық жөніндегі есебі қабылдансын.

Әртүрлі

Абельдинов А.К.: Құрметті әріптестер! Оқу үдерісін оңтайландыру және білім алушылардың даярлық сапасын арттыру мақсатында «Анимация режиссурасы және интерактивті медиа» кафедрасының балансындағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)» пәнін «Қазақстан тарихы және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасына беру мәселесін қарастыруларыңызды сұраймын. Осыған байланысты оқу жоспарларына және педагогикалық жүктемеге тиісті өзгерістер енгізулеріңізді өтінемін.

Ергөбек Ш.Қ.: Құрметті әріптестер ұсынысты қолдайсыздар ма? Бір ауыздан мақұлданды.

Шешім қабылданды:

6.6. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (АКТ) пәні «Анимация режиссурасы және интерактивті медиа» кафедрасынан «Қазақстан тарихы және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасына ауыстырылсын.

Ергөбек Ш.Қ.: Құрметті әріптестер, Оқу-әдістемелік кеңес отырысы аяқталды. Қатысқандарыңызға рахмет.

Төраға

Хатшы



Ш. Ергөбек

А. Вырахманова